

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Байлық бәрін шешпейді.

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.06.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/140622/

Ерте заманда Арман мен Самат деген екі дос болған екен .Олардың арасында Арман шіріген бай ,ал Самат пақыр кедей еді .Бірақ Арманның мінезі нашарлау ,тәкаппар ,байлығымен мақтанып отырады екен. Самат болса жайлы ,сабырлы ,мейірімді еді . Біргүні екеуі аңға шығып жүрген жерінен , аюдың үңгіріне кезігеді .Қызық көріп кіріп барғаны сол еді ,үңгір таспен бітеліп қалады . Осы күнге дейін байлығының арқасында ,шалқып өмір сүрген Арман үңгірен қалай шығарын білмей дал болады. Самат болса түрлі ауыр жұмыстарды атқарып жүрген шымыр жігіт еді ,ол тастарды бұзып емін- еркін бұл кедергіденде өтіп кетті .Арман болса Саматтың өткен жолымен жүрмек болғаны сол еді ,қалтасындағы бір бума қағазға орап алып шыққан алтыны ,шашылып қалды . Байлықтың артынан бассауғалап кете барғанында , тау бөгтерінен домалаған алып тастар ,үңгірді бітеп тастады . Не істерін білмей қараңғы- қара түнекке , қамалып қалған, Арман еңсесі түсіп жылап отырған кезде,Самат ауыл тұрғындарын шақырып ,үңгір аузын тастардан тазартып досын құтқарып алған екен .Осы оқиғадан кейін Арман мақтаншақтығын қойып ,ауыл тұрғындарына байлығын таратып беріпті.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.